



**Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржы-  
құқықтық қолдау жөніндегі комиссияның  
ҚҰРАМЫ**

- |   |   |
|---|---|
| 1. Жаңбыршын Қозы-Көрпеш<br>Есімұлы     | Комиссия төрағасы,<br>Алматы қаласы<br>Әкімінің орынбасары  |
| 2. Тұржанов Серік<br>Әбдіқалиұлы        | Комиссия хатшысы,<br>Алматы қаласы<br>Әкімінің жанындағы<br>шағын бизнес<br>Департаментінің директоры |
| Комиссия мүшелері:                      |   |
| 3. Васильева Лариса<br>Александрқызы    | Алматы қалалық<br>Экономика жөніндегі<br>Комитеттің төрайымы  |
| 4. Нұрпейісов Қуаныш<br>Қалиұлы         | Алматы қалалық салық<br>комитетінің төрағасы  |
| 5. Тохтасунов Әлімжан<br>Имтахунұлы     | Алматы қалалық қаржы<br>басқармасы бастығының<br>бірінші орынбасары                                   |
| 6. Пірімбеков Марат<br>Үсенұлы          | Алматы ауданы Әкімінің<br>бірінші орынбасары  |
| 7. Жұмабеков Дәрмен<br>Әмірұлы          | Әуезов ауданы Әкімінің<br>орынбасары  |
| 8. Сәпиев Бақытжан<br>Шаймұхамбетұлы    | Бостандық ауданы<br>Әкімінің орынбасары   |
| 9. Гриненко Олег<br>Петрұлы             | Жетісу ауданы Әкімінің<br>бірінші орынбасары  |
| 10. Салқымбаев Әкімжан<br>Әбдірахманұлы | Түркісіб ауданы Әкімінің<br>бірінші орынбасары  |
| 11. Сәтбаев Рыскелді<br>Ахметқалиұлы    | Медеу ауданы Әкімінің<br>бірінші орынбасары   |
| <i>Әкімшілік хатшысы</i>                |   |

Алматы қаласы

2003

жылғы

"22"

№ 2/310 қаулысына № 2 қосымша

Әкімшілігінің

мамырдағы

**Қала бюджетінің қаражатынан және осы мақсаттарға көзделген басқа көздерден несиелеу үшін Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржы-құқықтық қолдау жөніндегі комиссия туралы**  
**ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N№3398 "Шағын кәсіпкерлікті дамыту оның белсенділігін арттырудағы мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығына сай әзірленді және шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеуде жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты қайта бөлудегі Комиссияның құқығын анықтайды.

**2. Комиссияның мақсаты мен міндеттері**

2.1. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін мына қызметті жүзеге асырады :

- 1) жеңіл несиенің тәртібін, шартын, мерзімін бекітеді;
- 2) қалалық бюджеттің қаражатынан шағын кәсіпкерлік субъектісіне берілетін жеңілдетілген несиенің пайызын анықтайды;
- 3) қалалық бюджеттің қаражатынан шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін несиенің мөлшерін ұлғайту мәселесін қарастырады /Қазақстан Республикасы теңгесінің Америка Құрама Штаттар долларына бағамы бойынша/.

2.2. Берілетін несие бекіткен мөлшерден асатын жағдайда, Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулысымен әр жоба бөлек қаралып несиелендіріледі.

**3. Комиссия құқығы**

3.1. Шағын бизнес Департаменті берген тапсырылған кәсіпкерлер жобасын қарап шығып шешім шығарады :

- 1) берілген несиені бақылау мәселесі бойынша;
- 2) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің займ жобаларының сомасы белгіленген мөлшерден асқан жағдайда.

**4. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

- 4.1. Комиссияны оның қызметіне басшылық ететін төраға басқарады.
- 4.2. Комиссияның құрамы Алматы қаласы Әкімінің қаулысымен бекітіледі.
- 4.3. Комиссия шешімі комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы

шешуші болады. Егер де комиссия мүшесі Комиссия қабылдаған шешіммен келіспесе онда өзінің ойын білдіреді.

4.4. Комиссия мәжілісін қажетіне қарай екі айда бір рет өткізеді.

4.5. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

*Әкімшілік хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК